«Мектептерге арналған PISA» зерттеуіне қатысатын оқушылардың ата-аналарымен жүргізілген жұмыстың анықтамасы

№3 Хромтау орта мектебінде «Мектептерге арналған PISA» зерттеуіне дайындық жұмыстары жүргізілуде. Зерттеуге 15 жастағы 37 оқушы қатысқалы отыр. Математика, қазақ тілі, химия, биология, физика, география пән мұғалімдері өз пәндері бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Мектеп әкімшілігі 15 жастағы оқушылардың ата-аналарымен жиналыс өткізді. Жиналыста директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, мектеп үйлестірушісі Ермаханова М.Е. ата-аналарға балаларының «Мектептерге арналған PISA» зерттеуіне қатысатыны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жиналыс соңында мектеп директоры Отаров Шерхан Табиғатұлы ата — аналардың өз балаларын қолдауға, білімдерін одан әрі шыңдай түсуге шақырып, мектебіміздің оқушылары білімдерін жоғары деңгейде көрсетулеріне сәттілік тіледі.



https://www.instagram.com/p/CjqRBQiMnNf/?utm_source=ig_web_copy_link